**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 маусымдағы N 575 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға

Өзбеков Ғани Нұрмаханбетұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төрағаның орынбасары

Әлжанов Батырбек Асылбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Зейнелғабдин Алтай Болтайханұлы - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Өтембаев Ержан Әбілхайырұлы - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Аппаратының басшысы (келісім бойынша)

Итеғұлов Марал Серғазыұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Мұқанов Мақсат Нұрдәулетұлы - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)

Әйтекенов Қайрат Медібайұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Бөбеев Мұхтар Сапарәліұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Жиынтықтау және қаржылық модельдерді зерттеу департаментінің директоры

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2005-2006 жылдардағы жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін

тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты 2005 жылғы 1 қыркүйекке дейін өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурстың жеңімпазын анықтасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК